

**"ХІІ Астана экономикалық форумын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 124-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 70-ө өкімі "ХІІ Астана экономикалық форумын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 124-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ә.А. Смайыловқа жүктелсін.";

көрсетілген өкіммен бекітілген ХІІ Астана экономикалық форумын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамында:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға";

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі";

"Deloitte" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға менеджері (келісім бойынша) " деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы" қауымдастығының президенті ( келісім бойынша)

Бреттон-Вудсты жаңарту жөніндегі комитеттің бас директоры (келісім бойынша)

Қазақстандағы және Орталық Азиядағы КPMG басқарушы әріптесі (келісім бойынша)".

*Премьер-Министр*

*А. Мамин*